

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2020 жылдың 04 маусымындағы
№ 74 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2020 жылдың 03 тамызынан бастап
қолданысқа енгізілді

Сауда-саттық және бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс **РЕГЛАМЕНТІ**

Алматы қ.,

2020

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. №1 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2020 жылдың 14 шілдесіндегі № 96 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 03 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2020 жылдың 24 қарашасындағы № 155 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 30 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылдың 11 маусымындағы № 57 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 14 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылдың 15 маусымындағы № 59 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 07 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

5. № 5 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылдың 29 маусымындағы № 64 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

6. № 6 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылдың 05 тамызындағы № 81 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 06 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

7. № 7 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылдың 02 қарашасындағы № 115 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 03 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

8. № 8 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылдың 02 қарашасындағы № 115 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 03 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

9. № 9 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылдың 22 ақпанындағы № 23 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 22 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

10. № 10 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылдың 23 маусымындағы № 80 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 27 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

11. № 11 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылдың 18 шілдесіндегі № 88 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 22 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

12. № 12 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылдың 28 шілдесіндегі № 91 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 29 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

13. № 13 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылдың 20 желтоқсанындағы № 147 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 21 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

14. № 14 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2023 жылдың 31 қаңтарындағы № 8 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2023 жылдың 06 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

15. № 15 өзгертулер мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2023 жылдың 15 тамызындағы № 85 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2023 жылдың 25 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

16. № 16 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2023 жылдың 05 желтоқсанындағы № 133 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2024 жылдың 03 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

17. № 17 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2024 жылдың 03 қаңтарындағы № 1 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2024 жылдың 04 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

18. № 18 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2024 жылдың 23 ақпанындағы № 27 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2024 жылдың 01 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

19. № 19 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2024 жылдың 25 шілдесіндегі № 85 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2024 жылдың 29 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Регламент "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) өткізетін сауда-саттықтарда айналысқа жіберілген (Биржадағы айналысқа) қаржы құралдарының сауда-саттығын өткізу тәртібінің негізгі параметрлерін және бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмысын айқындайды (*пreamбула Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген*).

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Түсініктер

1. Осы Регламенттің мақсаттары үшін:
 - 1) (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен алып тасталған*);
 - 2) жұмыс істемейтін күн деп Биржаның корреспондент-банктері қандай да бір себептермен тиісті шетел валюталарымен және теңгемен есеп айырысуды жүзеге асырмайтын, Қазақстан Республикасының жұмыс күні түсініледі;
 - 2-1) Биржаның операциялық күні деп қор нарығында сауда-саттықты ұйымдастыру және әкімшілендіру жөніндегі процедураларды Биржа жүзеге асыратын жұмыс күнінің бір бөлігі түсініледі (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен енгізілген*);
 - 3) Қазақстан Республикасының жұмыс күні деп Қазақстан Республикасында жұмыс күні болып табылатын күн ғана түсініледі;
 - 4) тұрақты баға белгілеу деп, оны жариялаған сауда-саттыққа қатысушыға осы баға белгілеу негізінде мәміле жасасу міндеттемесін жүктөйтін, баға белгілеу түсініледі;
 - 5) қаржы құралдары деп Биржада айналысқа жіберілгендер ғана түсініледі.
2. Осы Регламентте пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Биржалық қызметті жүзеге асыру қағидалары" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес айқындалады".

2 бап. Сауда-саттық регламенті ұғымы

1. Сауда-саттық регламенті деп мыналарды қамтитын оларды жүргізудің негізгі параметрлері түсініледі:
 - 1) сауда-саттық өткізудің орны;
 - 2) сауда-саттық өткізудің уақыты;
 - 3) сауда-саттық өткізудің негізгі әдісі;
 - 4) лот көлемі;
 - 5) қаржы құралының бағасының өлшем бірлігі;
 - 6) саудасаттық сессиясының ашылу бағасы;
 - 7) (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен алып тасталған*);
 - 8) сауда-саттық өткізудің қосымша әдісі;
 - 9) сауда-саттық өткізудің резервтік әдісі;
 - 10) сауда-саттық өткізудің айрықша шарттары мен негізгі параметрлерін қолданудың шектеулері.

2. Сауда-саттық өткізудің орны осы Регламенттің 3 бабына сәйкес анықталады.
3. Сауда-саттық өткізудің уақыты осы Регламенттің 4 және 16 баптарына сәйкес, сондай-ақ осы Регламенттің 1 және 3 қосымшасына сәйкес анықталады.
4. Сауда-саттық өткізудің негізгі әдісі осы Регламенттің 6 бабына сәйкес анықталады.
5. Лот көлемі (лоттың минималды саны), қаржы құралы бағасының өлшем бірліктері, сауда-саттық сессияларының ашылу бағасы, сауда-саттық өткізудің қосымша және резервтік әдістері осы Регламенттің 2-6 тарауларында анықталады.

Шетел валюталары нарығында қаржы құралдарының сауда-саттығын өткізгендегі лот мөлшері бірлік көлемінде белгіленген.

Тікелей мәмілелер жасасу әдісімен сауда-саттық жүргізу кезінде "лот" ұғымы қолданылмайды; өтінімдердің және тиісінше мәмілелердің мөлшерлерін сауда-саттыққа қатысушылар бір-бірімен келісу бойынша дербес анықтайды.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

3 бап. Сауда-саттық өткізудің орны

1. Сауда-саттық өткізудің негізгі орны қашықтықтан қол жеткізу тәртіптемесінде (оның ішінде ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-криптографиялық құралдарын пайдалана отырып) жұмыс істейтін сауда-саттық жүйесі болып табылады).
2. Сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық өткізу мүмкін болмаған жағдайда, олар дауыс беру тәсілімен, осы мақсаттарда Биржа Басқармасының Төрағасы немесе Биржа Басқармасы Төрағасының сауда-саттықты өткізуге жетекшілік ететін орынбасары анықтаған жерде өткізіледі.
3. Сауда-саттыққа қатысушы Биржа мүшелері сауда-саттықтың жаңа өткізу орны бойынша сауда-саттық басталғанға дейін сауда-саттыққа қатысушы Биржа мүшелеріне осындай хабарлауды қамтамасыз ететіндей сауда-саттық жүйесі арқылы және өзге де қолайлы тәсілдермен оларды өткізу орнының өзгергені туралы хабардар етіледі.

4 бап. Сауда-саттық өткізу уақыты

1. Сауда-саттық Қазақстан Республикасының әрбір жұмыс күні қаржы құралдарының әрбір тобы үшін жеке белгіленетін сауда-саттық күні ішінде (осы тармақтың екінші абзацында белгіленгеннен басқа) өткізіледі.
Қаржы құралын жалғыз сатушымен немесе сатып алушымен сауда-саттық мәні болып табылатын қаржы құралдары бойынша сауда-саттық күні (осы сауда-саттық Биржаның "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингтік алымдар туралы, кепілдік қамтамасыз етуді есепке алу комиссиясы туралы қағида" атты ішкі құжатында анықталғандай) осы сауда-саттық мәні жататын қаржы құралдарының тобы үшін белгіленген сауда-саттық күнінен ерекшеленуі мүмкін *(осы абзац Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Шетел валюталары бойынша сауда-саттық күні жекелеген сауда-саттық сессияларына бөлінбейді; мұндай шетел валюталарының сауда-саттығы, сауда-саттық күні негізгі және қосымша сессияларға бөлінетін, АҚШ долларына қатысты шетел валютасымен операцияларды қоспағанда, өзінің ұзақтығы бойынша сауда-саттық күнімен тұспа-тұс келетін бір сауда-саттық

сессиясында өткізіледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

- 2-1. USDKZT TOM қаржы құралы бойынша сауда күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша өкімі бойынша ашылу аукционынан басталуы мүмкін *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.
- 2-2. Валюта нарығының жекелеген құралдарының сауда-саттығы есеп айырысуларды жүргізудің болмауына немесе мүмкін еместігіне/тәуекелдеріне байланысты Биржа Басқармасының шешімі негізінде белгілі бір кезеңге уақытша тоқтатылуы мүмкін *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 05 тамызындағы шешімімен енгізілген)*.
3. Бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық күні жекеленген сауда-саттық кезеңдерге бөлінеді:
 - 1) ашылу аукционы;
 - 2) үздіксіз қарсылама аукцион (осы Регламенттің 6 бабының 9 тармағында белгіленген, ерекшеліктерді ескерумен);
 - 3) жабылу аукционы.
4. Жекелеген қаржы құралдарымен немесе қаржы құралдары тобымен сауда-саттық өткізу уақыты Биржа Басқармасы Төрағасының немесе Биржа Басқармасы Төрағасының сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін орынбасарының өкімімен мынадай жағдайларда өзгертілуі мүмкін:
 - 1) сауда-саттық өткізгенде пайдаланылатын, бағдарламалық-техникалық құралдардың жұмысындағы жаңылысы немесе сауда-саттықты әдеттегі тәртіптемеде өткізуге кедергі келтіретін өзге де күтпеген жағдайлардың туындауы;
 - 2) осы Регламенттің 3-бабының 2-тармағына сәйкес сауда-саттықты өткізу орнын өзгерту;
 - 3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен өкімнің түсуі;
 - 4) қаржы құралының рұқсаттама бастамашысынан осы топтың қаржы құралдары бойынша сауда-саттық күні уақытының шегінде осы қаржы құралының сауда-саттығын ашуының қалайтын уақытын көрсете отырып, осы қаржы құралының сауда-саттықты ашу туралы еркін нысандағы жазбаша өтініштің түсуі;
 - 5) сауда-саттыққа қатысушыдан осы сауда-саттыққа қатысушының бұрын ашылған жайғасымдарды жабуы және/немесе осы қаржы құралдарымен бұрын жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауы мақсатында, шетел валюталары нарығында немесе деривативтер нарығында жекелеген қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұзарту туралы жазбаша өтініштің түсуі. Өтініште сауда-саттықты ұзартудың болжамды уақыты туралы мәліметтер, сауда-саттықты ұзартудың себептерін сипаттау қамтылуға тиіс;
 - 6) клирингтік қызметті жүзеге асыру және орталық контрагенттің функцияларын орындау мақсатында сауда-саттықты өткізу уақытын ұзарту туралы клирингтік ұйымнан сауда-саттық бөлімшесіне жазбаша хабарлама келіп түсуі *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. Биржа мүшелері – сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттық жүйесі арқылы және өзге де қолжетімді тәсілдермен оларды өткізу уақытының өзгергені туралы хабардар етіледі.

4-1 бап. Биржаның операциялық күні

(Осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)

1. Биржаның операциялық күні (бұдан әрі – операциялық күн) осы баптың 4 тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, қаржы құралдарының барлық топтары үшін Алматы уақыты бойынша 09.00-де басталады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Операциялық күн осы баптың 3 тармағында және 4 тармағының 2) тармақшасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Алматы уақытымен 20.00-де аяқталады.
3. Операциялық күннің аяқталу уақытын Биржаның Басқарма Төрағасы немесе Биржаның Басқарма Төрағасының сауда-саттықты жүргізуге жетекшілік ететін орынбасары мынадай жағдайларда өзгертуі мүмкін (операциялық күн ұзартылуы мүмкін) *(осы абзац Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) клиринг пен қаржы құралдары бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын Биржаның бағдарламалық-техникалық құралдарының жұмысындағы жаңылыс немесе Биржаның клиринг пен қаржы құралдары бойынша есеп айырысуды әдеттегі тәртіптемеде жүзеге асыруына кедергі келтіретін өзге де күтпеген жағдайлардың туындауы;
 - 2) осы Регламенттің 4 бабының 4 тармағына сәйкес сауда-саттық күнін ұзарту;
 - 3) сауда-саттыққа қатысушыдан осындай ұзартудың себептері мен уақытын көрсете отырып, операциялық күнді ұзарту туралы еркін нысандағы жазбаша өтініштің Биржаға түсуі;
 - 4) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен алынып тасталған)*;
 - 5) қаржы құралдарымен сауда-саттық бойынша клиринг және есеп айырысуды аяқтау мақсатында операциялық күнді ұзарту *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 20 желтоқсанындағы және 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Порядок открытия и закрытия операционного дня:
 - 1) Алматы уақытымен сағат 9.00-ге дейін клирингтік ұйым Орталық депозитарийге сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-клирингтік шоттарындағы ақша мен бағалы қағаздардың қалдықтары туралы сұрау салуды жібереді, оған жауап ретінде Орталық депозитарий клирингтік ұйымға сұратылған мәліметтерді жібереді, оларды бұдан әрі клирингтік ұйым Биржаға береді;
 - 2) операциялық күн мынадай іс-әрекеттерді орындау кезінде жабық деп саналады: клирингтік ұйым Алматы уақытымен 20.00-де Орталық депозитарийге операциялық күнді жабу туралы сұрау салуды жібереді, оған жауап ретінде Орталық депозитарий клирингтік ұйымға осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, операциялық күнді жабу мүмкіндігі туралы жауап бере отырып хабарлама жібереді, оны бұдан әрі клирингтік ұйым Биржаға береді.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)

(Осы мақала Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)

5 бап. Қайталама мәмілелерді жасасу уақытын шектеу

Егер Биржаның ішкі құжаттарында бұрын жасалған, бірақ орындалмаған мәмілелердің орнына және шарттарында сауда-саттық тәртіптемелерінде қайталама (оның ішінде қайталанатын қайталама) мәмілелер жасасуға рұқсат етілген жағдайда, мұндай қайталама мәмілелер тиісті қаржы құралдарымен сауда-саттық жүргізу уақыты өткеннен кейін де, бірақ бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеу уақыты өткенге дейін ғана жасалуы мүмкін.

6 бап. Сауда-саттық өткізудің негізгі әдісі

1. Егер осы Регламенттің 2-6 тарауларында және қаржы құралдарының жекелеген топтары үшін Биржаның басқа да ішкі құжаттарында өзгесі белгіленбесе, сауда-саттықты өткізудің негізгі әдісі үздіксіз қарсы аукцион әдісі болып табылады.

1-1. USDKZT_TOM қаржы құралы бойынша ашылу аукционының басталу уақыты осы құрал бойынша сауда-саттық күнінің басталу уақытымен сәйкес келеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

1-2. USDKZT_TOM қаржы құралы бойынша ашылу аукционын өткізу кезеңінде:

- 1) Биржаның өтінімдерді қабылдау кезеңінің ұзақтығы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің осындай аукцион өткізу туралы өкімімен белгіленеді;
- 2) осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін, ашылу аукционының бағасын анықтау және осындай баға бойынша мәмілелер жасасу жүзеге асырылады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен енгізілген)

2. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізілетін USDKZT_TOM қаржы құралымен сауда-саттық сауда-саттық күнінің кез келген уақытында, бірақ ол аяқталғанға дейін жеті минуттан кешіктірмей дискретті аукцион әдісімен өткізіледі, егер *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы және 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) сатуға және сатып алуға өтінімдер бағасының сәйкес келуі немесе қиылысуы ағымдағы сауда күнінің болжамды бірінші мәмілесінің бағасы осы құрал бойынша алдыңғы сауда күнінің соңғы мәмілесінің бағасынан 1,5 %-ға және одан аса ауытқуы немесе

сатуға және сатып алуға өтінімдер бағасының сәйкес келуі немесе қиылысуы болжамды мәміленің бағасы осы құрал бойынша ағымдағы сауда-саттық күнінің бірінші мәмілесінің бағасынан 1,5 %-ға және одан аса ауытқуы;

- 2) сатуға және сатып алуға өтінімдер бағалары қайтадан сәйкес келген немесе қиылысқан кезде, болжамды мәміленің бағасы осы құрал бойынша ағымдағы сауда-саттық күнінің соңғы дискреттік аукционында қалыптасқан кесімді бағадан 1,5 %-ға және одан аса ауытқуы *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

2-1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша өкімі бойынша сауда-саттықтың дискретті аукцион әдісімен өткізілетін шарттарының күші жойылуы мүмкін немесе осы баптың 2 тармағында қарастырылған бағаның ауытқу шамасы осындай өкімде көрсетілген кезеңге осы баптың 2 тармағында көрсетілген мәннен жоғары белгіленуі мүмкін *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 22 ақпанындағы шешімімен енгізілген)*.

3. Сауда-саттық жүйесінде үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізілетін USDKZT_TOM құралы бойынша сауда-саттықты күту сәртiптeмeсiнe ауыстыру кезiндe:
 - 1) күту тәртіптeмeсiнiң минималды ұзақтығы алты минутты, максималды ұзақтығы – жеті минутты құрайды (осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында белгіленген ерекшелiктердi ескерумен);
 - 2) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен алып тасталғна);*
 - 3) күту тәртіптeмeсiнiң ұзақтығы алты минуттан жеті минутқа дейін құрайды және сауда-саттық жүйесі кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен автоматты түрде анықтаған, уақыттың кез келген сәтiндe, көрсетiлген уақыт аралығы шегiндe, аяқталады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*
4. Ашылу аукционы, сатып алу-сату мәмілелері үздіксіз қарсы аукцион әдісімен жасалатын сауда-саттық тәртіптeмeлeрiндe саудаланатын, бағалы қағаздар бойынша өткізіледі.
5. Бағалы қағаздар бойынша ашылу аукционы Алматы уақытымен 11.20-да басталады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен толықтырылған).*
6. Бағалы қағаздар бойынша ашылу аукционын өткізу кезеңiндe *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен толықтырылған):*
 - 1) Биржаның өтiнiмдердi қабылдау кезеңiнiң ұзақтығы 9 минут 30 секундты құрайды;
 - 2) өтiнiмдердi қабылдау кезеңiнiң аяқталуы сауда-саттық жүйесiмен автоматты түрде кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен анықталған, өтiнiмдердi қабылдау кезеңi аяқталған сәттен бастап 30 секундтан аспайтын кездейсоқ уақытта анықталады;
 - 3) осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген өтiнiмдердi қабылдау кезеңi кездейсоқ аяқталған соң, ашылу аукционының бағасын анықтау және осындай баға бойынша мәмілелер жасасу жүзеге асырылады.
7. Ашылу аукционы барысында жасалған мәмілелер әрбір қаржы құралы бойынша сауда-саттық нәтижелерін қалыптастыру кезінде ескеріледі.
8. Ашылу аукционы барысында қанағаттандырылмаған өтiнiмдер сауда-саттық жүйесiндe қолданыстағы өтiнiм ретiндe сақталады.
9. Үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізілетін бағалы қағаздардың (акциялармен, облигациялармен, үлеспұлдармен) сауда-саттығы сауда-саттық күні барысында дискреттік аукцион әдісімен жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте бірінші дискреттік аукцион:
 - 1) Биржада айналысқа жіберілген акциялармен жасалған соңғы мәміленің бағасы осы акциялармен жасалған алдыңғы мәміленің бағасына қатысты 5 % және одан аса өзгерген жағдайда;
 - 2) Биржада айналысқа жіберілген облигациялармен және үлеспұлдармен жасалған соңғы мәміленің бағасы осы облигациялармен және үлеспұлдармен алдыңғы сауда-саттық күнінің орташа сараланған бағасына қатысты 1 % және одан аса өзгерген жағдайда өткізіледі.
10. Бағалы қағаздар бойынша қайталама дискреттік аукцион мына жағдайларда өткізіледі *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен толықтырылған):*

- 1) Биржада айналысқа жіберілген акциялармен жасалған соңғы мәміленің бағасы осы акциялармен ағымдағы сауда-саттық күнінің алдыңғы дискреттік аукционның кесімді бағасына қатысты; алдыңғы дискреттік аукционның кесімді бағасы болмаған жағдайда – осы атаудағы акциялармен жасалған алдыңғы мәміленің бағасына қатысты 5 %-ға және одан аса өзгерген жағдайда;
 - 2) Биржада айналысқа жіберілген облигациялармен және үлеспұлдармен жасалған мәміленің бағасы осы облигациялармен және үлеспұлдармен ағымдағы сауда-саттық күнінің алдыңғы дискреттік аукционның кесімді бағасына қатысты; алдыңғы дискреттік аукционның кесімді бағасы болмаған жағдайда – осы атаудағы облигациялармен және үлеспұлдармен алдыңғы сауда күнінің орташа алынған бағасына қатысты 1 %-ға және одан аса өзгерген жағдайда.
11. Қандай да бір бағалы қағаз бойынша дискреттік аукцион, жабылу аукционы басталғанға дейін 10 минуттан кешіктірілмей, ашылады.
 12. Дискреттік аукцион әдісімен бағалы қағаздармен сауда-саттық жүргізу кезінде *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен толықтырылған)*:
 - 1) Биржаның өтінімдерді қабылдау кезеңінің ұзақтығы 10 минуттан аспайды;
 - 2) сауда-саттық жүйесіне шектелімді өтінімдер беріледі;
 - 3) Биржаның өтінімдерді қабылдау кезеңі сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен анықталған, кездейсоқ уақытта, бірақ ол басталған сәттен бастап 9 минут 30 секунд өткеннен кейін, аяқталады.
 13. Қаржы құралдарының жекелеген топтары үшін үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен сауда-саттықты өткізу кезінде осы Регламентте немесе сауда-саттық жүйесінің баптауларында сауда-саттықтың жабылу бағасының репрезентативтік мәнін қалыптастыру мақсатында, сауда-саттықты сауда-саттық күнінің соңында жабылу аукционына ауыстыру белгіленуі мүмкін.
 14. Жабылу аукционы сатып алу-сату мәмілелері үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен жасалатын, сауда-саттық тәртіптемелерінде саудаланатын бағалы қағаздар бойынша өткізіледі.
 15. Жабылу аукционы сауда-саттық күнінің аяқталуына 15 минут қалғанда басталады және келесі кезеңдерден тұрады:
 - 1) Биржамен өтінімдер қабылдауы;
 - 2) жабылу аукционның бағасымен мәмілелер жасасу.
 16. Жабылу аукционын өткізгенде:
 - 1) Биржаның өтінімдерді қабылдау кезеңі сауда-саттық күні аяқталғанға дейін 15 минут бұрын басталады және ол басталған сәттен бастап 10 минут өткен соң аяқталады;
 - 2) сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен анықталған, Биржаның өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталған сәттен бастап 30 секундтан аспайтын кездейсоқ уақытта берілген өтінімдер негізінде жабылу аукционның бағасы анықталады және осындай баға бойынша мәмілелер жасалады;
 - 3) егер осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес жабылу аукционның бағасы анықталмаған жағдайда, сауда-саттық жүйесінің баптауларымен ұзақтығы үш минут өтінімдерді қабылдаудың қосымша кезеңі басталады;

- 4) сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен анықталған, Биржаның өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталған сәттен бастап 30 секундтан аспайтын кездейсоқ уақытта берілген өтінімдер негізінде жабылу аукционының бағасы анықталады және осындай баға бойынша мәмілелер жасалады;
- 5) осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген мәмілелерді жасасу аяқталғаннан кейін сауда-саттық жүйесі жабылу аукционының бағасы бойынша өтінімдерді қабылдайды, олардың негізінде осындай баға бойынша мәмілелер жасалады;
- 6) өтінімдерді қабылдаудың және жабылу аукционының бағасы бойынша мәмілелер жасасудың аяқталу уақыты қаржы құралдарымен сауда-саттық күнінің аяқталу уақытымен сәйкес келеді.

7 бап. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындауының салдары

Биржа Басқармасының Төрағасы немесе Биржа Басқармасы Төрағасының сауда-саттықты өткізуге жетекшілік ететін орынбасары Биржадағы қаржы құралдарының әдеттегі тәртіптемеде айналысына кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш жағдайлары туындағанда, және бұл жағдайлар кезінде Биржа тарапынан ақылға қонымды бақылауға келмейтін, соғысты, әскери немесе террористік әрекеттерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, кез келген төтенше және еңсерілмейтін жағдайлар, Мемлекеттік органдардың әрекеттері, мемлекеттік төңкеріс, өрт, табиғи апаттар және Биржа болжай алмайтын және әдеттегі тәртіптемеде мәмілелер жасасу және орындау мүмкіндігіне тікелей әсер еткен, басқа да жағдайлар туындағанда осы Регламентте анықталғаннан өзгеше сауда-саттықты өткізу тәртібінің негізгі параметрлерін белгілеуге құқылы

2 тарау. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ САУДА-САТТЫҚТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ЖЕКЕ ТПАРАМЕТРЛЕРІ

8 бап. Сауда-саттық күні

Шетел валюталары бойынша сауда-саттық күні Алматы уақытымен 10.15-те басталады, Алматы уақытымен 17.30-да аяқталады (осы Регламенттің 6 бабының 1-1-3-тармақтарында белгіленген шарттарды ескерумен) және осы Регламенттің 1 қосымшасында белгіленген *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

9 бап. АҚШ долларымен сауда-саттықты өткізудің жеке параметрлері

1. АҚШ доллары теңгемен, Ресей рублімен (бұдан әрі – рубль) және Қытай юанімен (бұдан әрі – юань) T+0¹, T+1 және T+2 есеп айырысу мерзімдерімен саудаланады.

есептесуі теңгемен және есептесулерді жүзеге асырудың көрсетілген мерзімдерімен АҚШ доллары бұдан әрі тиісінше "USDKZT_TOD", "USDKZT_TOM" және "USDKZT_SPT"² деп белгіленеді.

¹ Әлемдік тәжірибеде жалпы қабылданған биржалық мәмілелер бойынша есеп айырысуды (биржалық мәмілелерді орындауды) жүзеге асыру мерзімдерін "T+n" жазбасы түрінде белгілеу, мұндағы T – мәміле жасалған биржалық сауда-саттық күні, ал n-көрсетілген биржалық сауда-саттық күні мен осы мәміле бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру күні арасындағы үзілістің ұзақтығы (жұмыс күндерімен) *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

² "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібі туралы нұсқаулықты қараңыз *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

есептесуі юаньмен және есептеулерді жүзеге асырудың көрсетілген мерзімдерімен АҚШ доллары бұдан әрі тиісінше "USDCNY_TOD", "USDCNY_TOM" және "USDCNY_SPT"² деп белгіленеді.

- Егер қандай да бір себептермен Биржаның АҚШ доллары бойынша корреспондент-банктері сауда-саттық күні АҚШ долларымен есеп айырысуды (бұдан әрі – жұмыс емес күн) жүзеге асырмаса, USDKZT_TOD сауда-саттығы өткізілмейді.

USDCNY_TOD сауда-саттығы қандай да бір себептермен сауда-саттық күні юань және/немесе АҚШ доллары бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болған жағдайда өткізілмейді.

USDCNY_TOM және USDCNY_SPT сауда-саттықтары, егер сауда-саттық күні юань бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болып табылса, өткізілмейді.

- Егер USDKZT_TOM немесе USDKZT_SPT құралы бойынша мәмілелерді орындау күні қандай да бір себептермен АҚШ доллары бойынша Биржаның корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болып табылса, мұндай мәмілелерді орындау күні, Биржаның корреспондент-банктері АҚШ долларымен және теңгемен есеп айырысуды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні болып табылады.

Егер USDKZT_SPT құралы бойынша T+1 күні және T+2 күні қандай да бір себептермен АҚШ доллары бойынша Биржаның корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күндер болып табылса, онда T+1 және T+2 күндері Қазақстан Республикасының тиісті жұмыс күндеріне ауыстырылады.

Егер USDCNY_TOM немесе USDCNY_SPT құралы бойынша мәмілелерді орындау күні қандай да бір себептермен АҚШ доллары және/немесе юань бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болып табылса, онда мұндай мәмілелерді орындау күні Биржаның корреспондент-банктері АҚШ долларымен және/немесе юаньмен есеп айырысуды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін күннен кейінгі Қазақстан Республикасының бірінші жұмыс күні болып табылады.

Егер USDCNY_SPT құралы бойынша T+1 күні және T+2 күні қандай да бір себептермен АҚШ доллары және/немесе юань бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күндер болып табылса, онда T+1 және T+2 күндері Қазақстан Республикасының тиісті жұмыс күндеріне ауыстырылады.

- Теңгемен есеп айырысумен АҚШ долларымен сауда-саттық өткізу кезінде лоттардың минималды санының мөлшері берілген өтінім бағасының соңғы мәміле бағасынан ауытқу шамасына байланысты және осы Регламентке 2 қосымшада белгіленген.

Юаньмен есеп айырысумен АҚШ долларымен сауда-саттықты өткізу кезінде лоттардың минималды санының мөлшері 1.000 АҚШ долларын құрайды.

Дискретті аукцион әдісімен USDKZT_TOM сауда-саттығын өткізу кезінде лоттардың минималды санының мөлшері 1.000 АҚШ долларын құрайды.

АҚШ долларымен сауда-саттықты өткізу кезінде айсберг-өтініміндегі лоттардың минималды көрінетін санының мөлшері 100 000 АҚШ долларын құрайды.

5. АҚШ долларымен сауда-саттықты өткізу кезінде оның бағасы бір АҚШ доллары үшін есеп айырысулар жүзеге асырылатын валютамен өлшенеді:
 - 1) USDKZT_TOD, USDKZT_TOM және USDKZT_SPT бойынша –үтірден кейінгі екінші таңбаға дейінгі дәлдікпен, теңгемен;
 - 2) USDCNY_TOD, USDCNY_TOM және USDCNY_SPT бойынша – үтірден кейінгі төртінші таңбаға дейінгі дәлдікпен, юаньмен.
6. USDKZT_TOD, USDKZT_TOM, USDKZT_SPT, USDCNY_TOD, USDCNY_TOM немесе USDCNY_SPT бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы құралмен осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы пайдаланылады.
7. АҚШ долларымен сауда-саттықты өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасау әдісі болып табылады.

АҚШ долларымен сауда-саттықты өткізудің резервтік әдісі (есеп айырысу мерзімдеріне қарамастан) фиксинг әдісі болып табылады.

(Осы бап Биржа Бапқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы және 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

10 бап. Еуро сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

1. Еуро теңгемен, АҚШ долларымен және юаньмен, T+0, T+1 және T+2 есептесу мерзімдерімен саудаланады.

Есептесуі теңгемен және есептеулерді жүзеге асырудың көрсетілген мерзімдерімен еуро бұдан әрі тиісінше" EURKZT_TOD", "EURKZT_TOM" және "EURKZT_SPT"² деп белгіленеді.

Есептесуі АҚШ долларымен және есептесулерді жүзеге асырудың көрсетілген мерзімдерімен еуро бұдан әрі тиісінше" EURUSD_TOD", "EURUSD_TOM" және "EURUSD_SPT"² деп белгіленеді.

Есептесуі юаньмен және есептесулерді жүзеге асырудың көрсетілген мерзімдерімен еуро бұдан әрі тиісінше "EURCNY_TOD", "EURCNY_TOM" және "EURCNY_SPT"² деп белгіленеді.
2. EURKZT_TOD сауда-саттығы қандай да бір себептермен еуро бойынша Биржаның корреспондент-банктері үшін сауда-саттық күні жұмыс істемейтін күн болған жағдайда өткізілмейді.

EURUSD_TOD сауда-саттығы, егер сауда-саттық күні қандай да бір себептермен АҚШ доллары және/немесе еуро бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болып табылса, өткізілмейді.

EURCNY_TOD сауда-саттығы қандай да бір себептермен сауда-саттық күні юань және/немесе еуро бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болған жағдайда, өткізілмейді.

EURCNY_TOM және EURCNY_SPT сауда-саттықтары қандай да бір себептермен сауда-саттық күні юань бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болған жағдайда, өткізілмейді.
3. Егер EURKZT_TOM немесе EURKZT_SPT құралы бойынша мәмілелерді орындау күні қандай да бір себептермен еуро бойынша Биржаның корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болып табылса, мұндай мәмілелерді орындау күні, Биржаның корреспондент-банктері еуромен және теңгемен есеп айырысуды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні болып табылады.

Егер EURKZT_SPT құралы бойынша T+1 күні және T+2 күні қандай да бір себептермен еуро бойынша Биржаның корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күндер болып табылса, онда T+1 және T+2 күндері Қазақстан Республикасының тиісті жұмыс күндеріне ауыстырылады.

Егер EURUSD_TOM немесе EURUSD_SPT құралы бойынша мәмілелерді орындау күні қандай да бір себептермен АҚШ доллары және/немесе АҚШ доллары және/немесе еуро бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болып табылса, онда мұндай мәмілелерді орындау күні Биржаның корреспондент-банктері АҚШ долларымен және/немесе еуромен есеп айырысуды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін күннен кейінгі Қазақстан Республикасының бірінші жұмыс күні болып табылады.

Егер EURUSD_SPT құралы бойынша T+1 күні және T+2 күні қандай да бір себептермен АҚШ доллары және/немесе еуро бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күндер болып табылса, онда T+1 және T+2 күндері Қазақстан Республикасының келесі тиісті жұмыс күндеріне ауыстырылады.

Егер EURCNY_TOM немесе EURCNY_SPT құралы бойынша мәмілелерді орындау күні қандай да бір себептермен юань және/немесе еуро бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болып табылса, онда мұндай мәмілелерді орындау күні Биржаның корреспондент-банктері юань және/немесе еуромен есеп айырысуды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін күннен кейінгі Қазақстан Республикасының бірінші жұмыс күні болып табылады.

Егер EURCNY_SPT құралы бойынша T+1 күні және T+2 күні қандай да бір себептермен юань және/немесе еуро бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күндер болып табылса, онда T+1 және T+2 күндері Қазақстан Республикасының келесі тиісті жұмыс күндеріне ауыстырылады.

4. Еуро сауда саттығын өткізу кезінде лоттардың минималды санының мөлшері 1 000 еуроны құрайды.

Еуро сауда-саттығын өткізу кезінде айсберг өтініміндегі лоттардың минималды көрінетін санының мөлшері 20 000 еуроны құрайды.

5. Еуро сауда-саттығын өткізу кезінде оның бағасы есеп айырысу жүзеге асырылатын валютада бір еуроға өлшенеді:

- 1) EURKZT_TOD, EURKZT_TOM және EURKZT_SPT бойынша – үтірден кейінгі екінші таңбаға дейінгі дәлдікпен, теңгемен;

- 2) EURUSD_TOD, EURUSD_TOM және EURUSD_SPT бойынша – АҚШ долларымен, үтірден кейінгі алтыншы таңбаға дейінгі дәлдікпен (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 25 шілдесіндегі шешімімен толықтырылған*);

- 3) EURCNY_TOD, EURCNY_TOM және EURCNY_SPT бойынша – үтірден кейінгі төртінші таңбаға дейінгі дәлдікпен, юаньмен.

6. EURKZT_TOD, EURKZT_TOM, EURKZT_SPT, EURUSD_TOD, EURUSD_SPT, EURUSD_SPT, EURCNY_TOD, EURCNY_TOM және EURCNY_SPT құралдарының әрқайсысы бойынша сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде осы құралмен осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы пайдаланылады.

7. Еуро сауда-саттығын өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасау әдісі болып табылады.

Еуро сауда-саттығын өткізудің резервтік әдісі фиксинг әдісі болып табылады.

(Осы бап Биржа Бапсармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы және 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

11 бап. Ресей рублімен сауда-саттық жүргізудің жеке параметрлері

1. Ресей рублі теңгемен есептеулермен және T+0, T+1 және T+2 есептеулерін жүргізу мерзімдерімен саудаланады.

Рубль теңгемен есептеулермен және есептеулердің көрсетілген мерзімдерімен бұдан әрі "RUBKZT_TOD", "RUBKZT_TOM" және "RUBKZT_SPT"² деп белгіленеді.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы және 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

2. RUBKZT_TOD сауда-саттығы, қандай да бір себептермен сауда-саттық күні Биржаның корреспондент-банктері үшін рубль бойынша жұмыс күні болмаған жағдайда, өткізілмейді.

3. Егер RUBKZT_TOM немесе RUBKZT_SPT құралы бойынша мәмілелерді орындау күні қандай да бір себептермен рубль бойынша Биржаның корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болып табылса, онда мұндай мәмілелерді орындау күні Қазақстан Республикасының жұмыс күні болып табылады, онда Биржаның корреспондент-банктері жұмыс істемейтін күннен кейінгі рубльмен және теңгемен есеп айырысуды жүзеге асырады.

Егер RUBKZT_SPT құралы бойынша T+1 күні және T+2 күні қандай да бір себептермен рубль бойынша Биржаның корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күндер болып табылса, онда T+1 және T+2 күндері Қазақстан Республикасының келесі тиісті жұмыс күндеріне ауыстырылады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

4. Ресей рублімен сауда-саттық жүргізу кезінде лоттардың минималды санының мөлшері 50 000 Ресей рублін құрайды.

Ресей рублімен сауда-саттық жүргізу кезінде айсберг-өтініміндегі лоттардың минималды көрінетін санының мөлшері 1 000 000 Ресей рублін құрайды.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

5. Ресей рублімен сауда-саттық жүргізу кезінде оның бағасы, үтірден кейінгі төртінші таңбаға дейінгі дәлдікпен, бір Ресей рублі үшін қазақстандық теңгемен өлшенеді.

6. Ресей рублі бойынша сауда-саттық сессиясын ашу бағасы ретінде осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы пайдаланылады.

7. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен алып тасталған).*

8. Ресей рублімен сауда-саттық жүргізудің қосымша әдісі – тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

Ресей рублімен сауда-саттық жүргізудің резервтік әдісі – фиксинг әдісі болып табылады.

12 бап. Қытай юань сауда-саттығын өткізудің жеке параметрлері

(Осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)

1. Юань теңгемен есептеулермен және T+0, T+1 және T+2 есептесулерді жүзеге асыру мерзімдерімен саудаланады.

Теңгемен есептесулермен және есептесулерді жүзеге асырудың көрсетілген мерзімдерімен юань бұдан әрі тиісінше "CNYKZT_TOD", "CNYKZT_TOM" және "CNYKZT_SPT"² деп белгіленеді.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы және 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен толықтырылған)

2. CNYKZT_TOD, CNYKZT_TOM және CNYKZT_SPT сауда-саттықтары қандай да бір себептермен сауда-саттық күні юань бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болған жағдайда өткізілмейді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен толықтырылған)*.

3. Егер CNYKZT_TOM немесе CNYKZT_SPT құралы бойынша мәмілелерді орындау күні қандай да бір себептермен юань бойынша Биржаның корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күн болып табылса, онда мұндай мәмілелерді орындау күні Қазақстан Республикасының жұмыс күні болып табылады, онда Биржаның корреспондент-банктері жұмыс істемейтін күннен кейінгі юаньмен және теңгемен есеп айырысуды жүзеге асырады.

Егер CNYKZT_SPT құралы бойынша T+1 күні және T+2 күні қандай да бір себептермен юань бойынша Биржаның кез келген немесе барлық тиісті корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күндер болып табылса, онда T+1 және T+2 күндері Қазақстан Республикасының келесі тиісті жұмыс күндеріне ауыстырылады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен толықтырылған)

4. Юань бойынша сауда-саттық өткізу кезінде лоттардың минималды санының мөлшері 5 000 юаньді құрайды.

Юань бойынша сауда-саттық өткізу кезінде айсберг-өтінімдегі лоттардың минималды көрінетін санының мөлшері 100 000 юаньді құрайды.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

5. Юань бойынша сауда-саттық жүргізген кезде оның бағасы, үтірден кейінгі төртінші таңбаға дейінгі дәлдікпен, бір юань үшін қазақстандық теңгемен өлшенеді.

6. Юань бойынша сауда-саттық сессиясын ашу бағасы ретінде осы сауда-саттық сессиясында жасалған бірінші мәміленің бағасы пайдаланылады.

7. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен алып тасталған)*.

8. Юаньмен сауда-саттық жүргізудің қосымша әдісі – тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

Бань бойынша сауда-саттық өткізудің резервтік әдісі – фиксинг әдісі болып табылады.

12-1 бап. Жеткізу фьючерстері бойынша сауда-саттық жүргізудің жеке параметрлері

Жеткізу фьючерстері бойынша сауда-саттық жүргізудің жеке параметрлері Биржаның басқа ішкі құжаттарымен және, Биржа Басқармасы бекітетін, маманданыммен анықталады.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен енгізілген)

13 бап. Валюталық своп операциялары және шетел валютасымен операциялар бөлігінде шетел валюталарының сауда-саттығын жүргізудің жеке параметрлері

(Осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен толықтырылған)

1. Валюталық своп операциялары және шетел валютасымен операциялар осы операциялардың заты ретінде АҚШ долларына қатысты жүзеге асырылады және мәмілелердің мынадай түрлерін қамтиды *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен толықтырылған)*:
 - 1) USDKZT_TOD немесе USDKZT_TOM-мен мәмілелер валюталық своп операциялары мен шетел валютасымен операциялар басталатын (ашылатын) мәмілелер есеп айырысуды жүзеге асырудың неғұрлым ерте мерзімі бар мәмілелер ретінде *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен толықтырылған)*;
 - 2) USDKZT_TOM, USDKZT_SPT-пен мәмілелер шетел валютасымен операциялар аяқталатын (жабылатын) есеп айырысуларды жүзеге асырудың неғұрлым кеш мерзімі бар мәмілелер ретінде *(данный подпункт изменен решением Правления Биржи от 24 ноября 2020 года)*;
 - 3) USDKZT_01W, USDKZT_01M, USDKZT_03M, USDKZT_06M немесе USDKZT_01Y² қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерді, валюталық своп операциялары аяқталатын (жабылатын) мәмілелерді неғұрлым кеш мерзімде жүзеге асыратын, мәмілелер ретінде *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.
2. Қосымша сессияда:
 - 1) АҚШ долларына қатысты шетел валютасымен операциялар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен ғана жүзеге асырылады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) сауда-саттық USDKZT_0_001 және USDKZT_1_001 қаржы құралдарымен жүргізіледі *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен алып тасталған)*;
 - 4) сауда-саттыққа валюта нарығының клирингтік қатысушылары болып табылатын екінші деңгейдегі банктер қатыса алады;
 - 5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тұрақты баға белгілеулерді жариялайды, сауда-саттыққа өзге де қатысушылар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жариялаған баға белгілеулер бойынша ғана мәмілелер жасасуға құқылы.

3. Шетел валютасымен жасалатын операциялар еуроға қатысты осы операциялардың заты ретінде жүзеге асырылады және келесі мәмілелерді қамтиды:
 - 1) EURKZT_TOD, EURUSD_TOD, EURKZT_TOD немесе EURUSD_TOM-мен жасалатын мәмілелер есеп айырысуды жүзеге асырудың ертерек мерзімімен жасалатын мәмілелер (шетел валютасымен операциялар басталатын (ашылатын) мәмілелер) ретінде;
 - 2) EURKZT_TOM, EURUSD_TOM, EURKZT_SPT немесе EURUSD_SPT-мен жасалатын мәмілелер жасалатын мәмілелер есеп айырысуды жүзеге асырудың кейінірек мерзімімен жасалатын мәмілелер (шетел валютасымен операциялар басталатын (ашылатын) мәмілелер) ретінде.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы және 2024 жылдың 25 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

4. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен алып тасталған).*
5. Шетел валютасымен жасалатын операциялар осы операциялардың заты ретінде рубльге қатысты жүзеге асырылады және мәмілелердің мынадай түрлерін қамтиды *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) RUBKZT_TOD немесе RUBKZT_TOM қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер есеп айырысу мерзімі неғұрлым ерте жүзеге асырылатын мәмілелер ретінде (шетел валютасымен жасалатын операциялар басталатын (ашылатын), мәмілелер) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) RUBKZT_TOM немесе RUBKZT_SPT қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер есеп айырысу мерзімі неғұрлым кеш жүзеге асырылатын мәмілелер ретінде (шетел валютасымен жасалатын операциялар аяқталатын (жабылатын), мәмілелер) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен алып тасталған).*
7. Валюталық своп операциялары осы операциялардың заты ретінде юаньға қатысты жүзеге асырылады және мәмілелердің мынадай түрлерін қамтиды:
 - 1) CNYKZT_TOD немесе CNYKZT_TOM қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер есеп айырысу мерзімі неғұрлым ерте жүзеге асырылатын мәмілелер ретінде (шетел валютасымен жасалатын операциялар басталатын (ашылатын), мәмілелер);
 - 2) сделки с CNYKZT_TOM или CNYKZT_SPT қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер есеп айырысу мерзімі неғұрлым кеш жүзеге асырылатын мәмілелер ретінде (шетел валютасымен жасалатын операциялар аяқталатын (жабылатын), мәмілелер).
- 7-1. Егер валюталық своп операциялары немесе шетел валютасымен операциялар аяқталатын міндеттемелерді орындау күні қандай да бір себептермен осындай операциялардың заты болып табылатын шетел валютасы бойынша Биржаның корреспондент-банктері үшін жұмыс күн болмаған жағдайда, онда осындай міндеттемелерді орындау күні, Қазақстан Республикасының жұмыс күні болып табылатын, Биржаның корреспондент-банктері үшін жұмыс істемейтін күнінен кейінгі келесі, есеп айырысуды тиісті шетел валютасымен және теңгемен жүзеге асыратын, күн болып табылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

7-2. Валюталық своптар операцияларының міндеттемелерін орындау күндері тиісті айлардан тыс ауыстырылмайды.

Егер валюталық своп операциялары басталатын міндеттемелерді орындау күні айдың соңғы жұмыс күні болып табылса, онда валюталық своп операциялары аяқталатын міндеттемелерді орындау күні тиісті айдың соңғы жұмыс күні болып табылады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен енгізілген)

7-3. Егер валюталық своп операциялары аяқталатын міндеттемелерді орындау күні қандай да бір себептермен Биржаның корреспондент-банктері үшін осындай операциялардың заты болып табылатын шетел валютасы бойынша жұмыс істемейтін күн болып табылатын айдың соңғы күнтізбелік күні болып табылса, Биржаның корреспондент-банктері тиісті шетел валютасымен және теңгемен есеп айырысуды жүзеге асыратын тиісті айдың соңғы жұмыс күні осындай міндеттемелерді орындау күні болып табылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

8. Валюталық своп операцияларын және шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыру кезінде лоттардың минималды санының мөлшері валюталық своп операциясының немесе шетел валютасымен операцияның заты болып табылатын валютаның 10 000 бірлігін құрайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

9. Валюталық своп операцияларын және шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыру кезінде мұндай операциялардың бағасы (мұндай операцияға кіретін мәмілелер бағалары арасындағы айырма пайдаланылатын) түйіндес валютада өлшенеді және үтірден кейінгі бесінші белгіге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы және 2024 жылдың 25 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

10. Валюталық своп операцияларын және қандай да бір құрамдағы шетел валютасымен операцияларын жүзеге асыру кезінде сауда-саттық сессиясының ашылу бағасы ретінде, осы сауда-саттық сессиясында басталған (ашылған) валюталық своптың бірінші операциясының немесе осы құрамдағы шетел валютасымен операциясының бағасы пайдаланылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

11. Валюталық своп операцияларын және шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыру кезінде сауда-саттық жүргізудің қосымша әдісі – тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.

Валюталық своп операцияларын және шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыру кезінде сауда-саттық жүргізудің резервтік әдісі – фиксинг әдісі болып табылады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

3 бап. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ САУДА-САТТЫҒЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

14 бап. Сауда-саттық күні

Бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық күні осы Регламенттің 3 қосымшасында белгіленген.

15 бап. Бағалы қағаздармен сауда-саттық жүргізудің жеке параметрлері

1. Бағалы қағаздар бойынша сауда-саттықты ашу немесе осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының өтінішіне сәйкес бағалы қағаздардың қандай да бір параметрлерін өзгерту сауда-саттық бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасы мүшесінің шешімі бойынша осындай өтініш алынған күннен бастап немесе осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының өтінішінде көрсетілген датадан бастап (егер мұндай дата үш жұмыс күннен асқан жағдайда), үш жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады.
2. Егер қандай да бір жеке атаудағы бағалы қағазға қатысты сауда-саттық бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасы мүшесінің шешімімен өзгесі белгіленбесе, бағалы қағаздармен сауда-саттық жүргізу кезінде лоттың стандартты мөлшері, мынадай ерекшеліктерді қоспағанда, бір бағалы қағаз мөлшерінде белгіленген:
 - 1) пайлармен сауда-саттық жүргізу кезінде лоттың мөлшері олардың инвестициялық пай қорының қағидаларында белгіленген пайлар санының бүтін не бөлшек мәнін құрайды. Егер көрсетілген ережелермен лоттың мөлшері белгіленбесе, онда оның мәні пайдың бір миллиондық үлесін құрайды (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 28 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 2) номиналды құны шығару валютасымен есептелетін шетел валютасының бірлігіне тең облигациялармен сауда-саттық жүргізу кезінде лоттың стандартты мөлшері 1 000 бағалы қағаз мөлшерінде белгіленеді (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 28 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 3) "ұсақ лоттар" сауда-саттық тәртіптемесінде қандай да бір жеке атаудағы бағалы қағаздың сауда-саттығын жүргізген кезде лоттың мөлшері осы бағалы қағаз үшін белгіленген стандартты лоттың мөлшерінен аспауға тиіс.
3. Егер сауда-саттықты өткізу кезінде қандай да бір жеке атаудағы бағалы қағазға қатысты сауда-саттық бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасы мүшесінің шешімімен өзгесі белгіленбесе:
 - 1) акциялармен және үлеспұлдармен баға бір акция немесе үлеспұл үшін қазақстандық теңгемен немесе АҚШ долларымен (бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының өтінішінде көрсетілген валютаға байланысты), үтірден кейінгі екінші таңбаға дейінгі дәлдікпен, өлшенеді;
 - 2) облигациялармен баға үтірден кейінгі төртінші таңбаға дейінгі дәлдікпен өлшенеді;
 - 3) туынды бағалы қағаздармен баға үтірден кейінгі екінші таңбаға дейінгі дәлдікпен бір туынды бағалы қағаз үшін оларды орналастыру валютасының бірлігімен өлшенеді.
4. Биржаның ресми тізіміне енгізілген облигациялардың және "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілген облигациялардың (бұдан әрі осы бапта – Листингтік емес облигациялар) сауда-саттығы "Облигациялардың кірістілігін және облигациялармен жасалатын мәмілелер сомасын есептеу әдістемесі" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген критерийлерге байланысты "таза" немесе "таза емес" бағаларда жүргізіледі.
5. Қандай да бір атаудағы облигациялармен сауда-саттық жүзеге асырылатын бағалар ("таза" немесе "таза емес"), осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, осы атаудағы облигациялардың сауда-саттығын ашуға байланысты қабылданатын, сауда-саттық бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасы мүшесінің шешімімен, анықталады.

Листингтік емес облигациялармен сауда жүзеге асырылатын бағалар ("таза" немесе "таза емес"), Биржаның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен анықталады.

6. Қандай да бір бағалы қағаздар бойынша сауда сессиясын ашу бағасы ретінде ашу аукционында анықталған баға пайдаланылады, егер ол анықталмаса, ашылу аукционы аяқталғаннан кейін сауда-саттық сессиясында жасалған осы бағалы қағаздармен жасалған бірінші мәміленің бағасы пайдаланылады.
7. Бағалы қағаздардың сауда-саттығы аяқталғанға дейін 15 минут бұрын жабылу аукционы өткізіледі.
- 7-1. Сауда-саттық күні АҚШ-та мерекелік жұмыс істемейтін күн болып табылған жағдайда, шетелдік эмитенттер шығарған және есеп айырысуы АҚШ доллармен саудаланатын ETF акциялары мен бағалы қағаздарының сауда-саттығы өткізілмейді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 23 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.
8. Егер есеп айырысу АҚШ долларымен жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен сатып алу-сату мәмілелерін орындау күні қандай да бір себептермен Биржаның корреспондент-банктері үшін АҚШ доллары бойынша жұмыс істемейтін күн болып табылса, Биржаның корреспондент-банктері жұмыс істемейтін күннен кейінгі АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының жұмыс күні болып табылады.
9. Бағалы қағаздардың сауда-саттығын жүргізудің қосымша әдісі – тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады.
Бағалы қағаздардың сауда-саттығын жүргізудің резервтік әдісі – фиксинг әдісі болып табылады.
10. Толық қамтамасыз етумен ОК-пен сауда-саттық тәртіптемесінде тікелей сатып алу-сату мәмілелерін қоспағанда, Биржа пайдаланатын сауда-саттық әдістерінің кез келгені жеке орналастыруға жататын бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық жүргізуге тыйым салынады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

4 тарау. АКЦИЯЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ПАКЕТТЕРІНІҢ САУДА-САТТЫҒЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

1. Акциялардың мемлекеттік пакеттерінің сауда-саттығын жүргізу кезіндегі лоттардың мөлшерін Биржаға акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатушылар хабарлайды.
2. Акциялардың мемлекеттік пакеттерінің сауда-саттығын жүргізу кезінде олардың бағасы, үтірден кейінгі екінші таңбаға дейінгі дәлдікпен, бір акцияға қазақстандық теңгемен өлшенеді.
3. Акциялардың мемлекеттік пакеттерінің сауда-саттығын өткізу әдістерін, Биржамен келісе отырып, акциялардың мемлекеттік пакеттерінің сатушылары анықтайды.

5 бап. ФЬЮЧЕРСТЕРДІҢ САУДА-САТТЫҒЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

16 бап. Сауда-саттық күні

Фьючерстер бойынша сауда-саттық күні Алматы уақытымен 10.00-де басталып, Алматы уақытымен 17.30-да аяқталады.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2021 жылдың 15 маусымындағы шешімімен өзгертілген)

17 бап. Фьючерстердің сауда-саттығын жүргізудің жеке параметрлері

Фьючерстердің сауда-саттығын жүргізудің жеке параметрлері Биржаның басқа ішкі құжаттарында және, Биржа Басқармасы бекітетін, фьючерстердің маманданымдарында анықталады.

6 тарау. РЕПО НАРЫҒЫНДА САУДА-САТТЫҚ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖЕКЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ

18 бап. Репо операциялары бойынша сауда-саттық күні

1. Репо операциялары бойынша сауда-саттық күні осы Регламенттің 3 қосымшасында белгіленген.

"Тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциялары бойынша сауда-саттық күні жекелеген сауда сессияларына бөлінбейді; сауда-саттықтың ұзақтығы сауда-саттық күнімен сәйкес келетін, бір сауда-саттық сессиясы барысында өткізіледі.

"Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциялары бойынша сауда-саттық күні негізгі және қосымша сессияларға бөлінеді.

2. Егер Биржаның корреспондент-банктері қандай да бір себептермен АҚШ доллары бойынша есеп айырысуды сауда-саттық күні жүзеге асырмаса, сауда-саттықтың заттары ретінде АҚШ долларымен номинацияланған бағалы қағаздар (оның ішінде базалық активі мемлекеттік емес бағалы қағаздар болып табылатын, туынды бағалы қағаздар) пайдаланылатын репо операциялары бойынша сауда-саттық жүргізілмейді.
3. ОК-сыз сауда-саттық тәртіптесінде жүзеге асырылған репо операцияларына жататын репоны жабу мәмілесін орындауға арналған есепті репо сатушысы осындай репо операциясы бойынша сауда-саттық күні аяқталғанға дейін 15 минут бұрын сауда-саттық жүйесіне жіберуге тиіс *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.

19 бап. Репо операцияларын "тікелей" тәсілмен жүзеге асыру кезінде сауда-саттық жүргізудің жеке параметрлері

Репо операцияларын "тікелей" тәсілмен жүзеге асыру кезінде сауда-саттық жүргізудің негізгі әдісі – тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады; бұл ретте:

- 1) лоттың мөлшері 1 000 клирингілік қатысу сертификаттары мөлшерінде белгіленген клирингілік қатысу сертификаттары бар репо операциясы бойынша лоттың мөлшерін қоспағанда, осы Регламенттің 15 бабының 2 тармағына сәйкес осындай репо операциясының нысанасы ретінде пайдаланылатын бағалы қағаз үшін белгіленген мөлшерге сәйкес келеді *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
- 2) репо операциясының бағасы, үтірден кейінгі төртінші таңбаға дейінгі дәлдікпен, өлшенеді;
- 3) репо ашу бағасы осындай қатысу сертификаттарының номиналдық құнын негізге ала отырып анықталатын клирингілік қатысу сертификаттары бар репо ашу бағасын қоспағанда, осы бағалы қағаздардың нарықтық немесе индикативтік құнын негізге ала отырып анықталады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
- 4) репо операциясының мерзімін (репо жабылатын күн) репо операциясына қатысушылар бір-бірімен келісім бойынша дербес анықтайды;

- 5) репо "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылғанда, сауда-саттықты өткізудің қосымша және резервтік әдістері жоқ.

20 бап. "Автоматты" тәсілмен репо операцияларын жүзеге асыру кезінде сауда-саттық жүргізудің жеке параметрлері

1. "Автоматты" тәсілмен репо операцияларын жүзеге асыру кезіндегі лоттың мөлшері:
- 1) бағалы қағаздардың жеке атауылары бойынша – бір бағалы қағазды құрайды;
 - 2) қандай да бір бағалы қағаздар қоржыны 1 000 000 бағалы қағаздарды құрайды (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 3) клирингілік қатысу сертификаттары бар 1 000 клирингілік қатысу сертификаттарын құрайды (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен енгізілген*).
2. Автоматты репо нарығында сауда-саттық жүргізу кезінде репо операциясының бағасы (репо операциясының мөлшерлемесі ретінде пайдаланылатын) үтірден кейінгі төртінші таңбаға дейінгі дәлдікпен өлшенеді.
3. Сауда сессиясының ашылу бағасы ретінде:
- 1) егер осы операциялардың заты ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздарын қоспағанда) пайдаланылса, соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясында жасалған ашылу мәмілелерінен шыға отырып, осы мерзіммен барлық репо операцияларының орташа сараланған кірістілігі;
 - 2) егер осы операциялардың нысанасы ретінде осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілгеннен өзге бағалы қағаздар пайдаланылса, осы сауда-саттық сессиясында жасалған ашылу мәмілесін негізге ала отырып, осы мерзіммен репо операциясының мөлшерлемесі.
4. "Автоматты" тәсілмен репо операцияларын жүзеге асыру кезінде сауда-саттық жүргізудің қосымша әдістері белгіленбеген.
- "Автоматты" тәсілмен репо операцияларын жүзеге асыру кезінде сауда-саттық жүргізудің резервтік әдісі – фиксинг әдісі болып табылады.

7 тарау. KASE PRIVATE MARKET ЖӘНЕ KASE STARTUP САУДА-САТТЫҚ АЛАҢДАРЫНДА САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ ПАРАМЕТРЛЕРІ

KASE Private Market және KASE Startup сауда-саттық алаңдарында сауда-саттық өткізу параметрлері "KASE Private Market алаңында мәмілелер жасасу және есеп айырысуларды жүзеге асыру тәртібі туралы ереже" және "KASE Startup алаңында мәмілелер жасасу және есеп айырысуларды жүзеге асыру тәртібі туралы ереже" атты Биржаның жеке ішкі құжаттарымен реттеледі.

8 тарау. БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ

21 бап. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс регламенті

1. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесі осы Регламенттің 3 қосымшасында белгіленген уақытта Қазақстан Республикасының жұмыс күндері бойынша күн сайын жұмыс істейді.
2. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс уақытын Биржа Басқармасының Төрағасы немесе Биржа Басқармасы Төрағасының сауда-саттықты өткізуге жетекшілік ететін орынбасары, сауда-саттықты өткізу және мәмілелерді растау туралы хабарламаларды қабылдау кезінде пайдаланылатын, бағдарламалық-техникалық құралдардың жұмысында жаңылыс болған немесе бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің әдеттегі тәртіптемедегі жұмысына кедергі келтіретін өзге де күтпеген жағдайлардың туындауы жағдайында, ұзартуы мүмкін.

22 бап. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесі жұмысының ерекшеліктері

1. Мамандандырылған сауда-саттық әдісімен сауда-саттық жүргізу кезінде орналастырылатын (сатылатын, сатып алынатын, кері сатып алынатын) қаржы құралының жалғыз сатушысынан (сатып алушысынан) басқа, өзге де, қанағаттандырылуы кезінде бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің қатысушылары бақылайтын сауда-саттық шоттары пайдаланылатын, сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдері расталуға немесе растаудан бас тартуға жатады.
2. Сауда-саттықты сауда-саттық жүйесіне тікелей өтінімдер берілетін мамандандырылған сауда-саттық әдісімен жүргізген кезде, қажет болған жағдайда, Биржа осы өтінімдерді растаудан бас тартуға тиіс:
 - 1) қаржы құралын орналастыру (сату, сатып алу, сатып алу) бойынша аукцион өткізу кезінде – Биржаның осы өтінімдерді қабылдау кезеңін қамтитын уақыт аралығы ішінде және осы кезең аяқталғаннан кейінгі 30 минут ішінде;
 - 2) мамандандырылған сауда-саттықтарда орналастырылатын бағалы қағаздарды қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізу кезінде – Биржаның осы өтінімдерді қабылдау кезеңін қамтитын уақыт аралығы ішінде және осы кезең аяқталғаннан кейінгі 15 минут ішінде.
3. Сауда-саттық шеңберінде сауда-саттық жүйесіне тікелей өтінімдерден өзге өтінімдер берілетін бағалы қағаздарды орналастыру (сату, сатып алу, кері сатып алу) немесе қосымша орналастыру бойынша мамандандырылған сауда-саттық әдісімен сауда-саттық жүргізу кезінде Биржа осы өтінімдерді қабылдау кезеңінде ғана растауларды немесе осы өтінімдерді растаудан бас тартуды алуға тиіс.
4. ОК-сыз сауда-саттық тәртіптемесінде жасалған бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылардың мәмілелерді растауы Биржаның "Орталық контрагенттің қатысуынсыз бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу және олар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру тәртібі (гросс-есеп айырысу)" атты ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. ОК-мен сауда-саттық тәртіптемесінде жасалған бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының клиенттерінің мүдделерінде мәмілелер жасау және орындау тәртібі "Орталық контрагенттің қатысуымен бағалы қағаздармен мәмілелер жасау тәртібі" атты ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.

9 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Регламент Биржаның интернет-ресурсында жариялануға тиіс.
2. Осы Регламентке өзгерістерді және/немесе толықтыруларды (актуалдылауды) уақтылы енгізу үшін жауапкершілік сауда-саттық бөлімшесіне жүктеледі.
3. Осы Регламент қажеттілігіне қарай, бірақ осы Регламент қолданысқа енгізілген күннен бастап әрбір үш жылда кемінде бір рет актуалдылануға жатады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.

Сауда-саттық және бақылау
және қамтамасыз ету жүйесінің
жұмыс регламентіне

1 қосымша

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашындағы шешімімен өзгертілген)

САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ

валюта нарығы

№ р/с	Қаржы құралы	Қаржы құралының сауда-саттық коды	Сауда-саттық өткізілетін уақыт, (ALT)
1	2	3	4
1.	Есеп айырысу мерзімі T+0 шетел валютасы	USDKZT_TOD, RUBKZT_TOD, EURKZT_TOD, EURUSD_TOD	10.15 – 15.30
		CNYKZT_TOD, USDCNY_TOD, EURCNY_TOD <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)</i>	10.15 – 11.30 <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2024 жылдың 23 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)</i>
2.	Есеп айырысу мерзімі T+1 және T+2 шетел валютасы	USDKZT_TOM, USDKZT_SPT, USDCNY_TOM, USDCNY_SPT, RUBKZT_TOM, RUBKZT_SPT, EURKZT_TOM, EURKZT_SPT, EURUSD_TOM, EURUSD_SPT, EURCNY_TOM, EURCNY_SPT, CNYKZT_TOM, CNYKZT_SPT <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2023 жылдың 31 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)</i>	10.15 – 17.00
3.	Жеткізілімді фьючерс	USDKZT_FWD	10.15 – 17.00

Сауда-саттық және бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс регламенті

№ р/с	Қаржы құралы	Қаржы құралының сауда-саттық коды	Сауда-саттық өткізілетін уақыт, (ALT)
1	2	3	4
4.	АҚШ долларына қатысты шетел валютасымен операциялар бойынша негізгі сессия	USDKZT_0_001, USDKZT_0_002	11.30 – 15.30
5.	АҚШ долларына қатысты валюталық своп операциялары	USDKZT_0_01W, USDKZT_0_01M, USDKZT_0_03M, USDKZT_0_06M, USDKZT_0_01Y	
6.	АҚШ долларына, еуроға, рубльге және юанға қатысты шетел валютасымен операциялар және АҚШ долларына қатысты валюталық своп операциялары	USDKZT_1_001, EURKZT_1_001, RUBKZT_1_001, CNYKZT_1_001, USDKZT_1_01W, USDKZT_1_01M, USDKZT_1_03M, USDKZT_1_06M, USDKZT_1_01Y, EURUSD_1_001 (осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2024 жылдың 25 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)	11.30 – 17.00
7.	АҚШ долларына қатысты шетел валютасымен операциялар бойынша қосымша сессия	USDKZT_0_001, USDKZT_1_001	17.00 – 17.30
8.	Еуро мен рубльге қатысты шетел валютасымен операциялар	EURKZT_0_001, EURKZT_0_002, RUBKZT_0_001, RUBKZT_0_002, EURUSD_0_001, EURUSD_0_002 (осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2024 жылдың 25 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)	11.30 – 15.30
9.	Қытай юаніне қатысты шетел валютасымен операциялар	CNYKZT_0_001, CNYKZT_0_002	10.15 – 11.30 (осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2024 жылдың 23 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)

Сауда-саттық және бақылау
және қамтамасыз ету
жүйесінің жұмыс регламентіне

2 қосымша

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

**АҚШ долларының сауда-саттығы кезіндегі лоттардың минималды санының
КӨЛЕМІ**

№	Лоттардың минималды саны, АҚШ доллары	Өтінім бағасының соңғы мәміле бағасынан ауытқуы, %
1.	1 000-нан 99 999-ға дейін	< 0,10
2.	100 000-нан 999 999-ға дейін	< 0,20
3.	1 000 000-нан 2 499 999-ға дейін	< 0,40
4.	2 500 000-нан 4 999 999-ға дейін	< 0,60
5.	5 000 000-нан 9 999 999-ға дейін	< 0,80
6.	10 000 000-нан және одан аса	шектелмеген

Сауда-саттық және бақылау
және қамтамасыз ету жүйесінің
жұмыс регламентіне

3 қосымша

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 14 шілдесіндегі және 2020 жылдың 24 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ

және қор нарығындағы бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс уақыты

№ р/с	Операцияның атауы	Сауда-саттықты өткізу уақыты, (ALT)		Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс уақыты, (ALT)
		Үздіксіз қарсы аукцион әдісі	Тікелей мәмілелер жасасу әдісі	
1	2	3		4
1.	Бағалы қағаздарды сатып алу-сату (T+n есеп айырысу күні)	11.20 – 17.30	10.30 – 17.30	11.30 – 17.30
2.	Бағалы қағаздарды сатып алу-сату (T+0 есеп айырысу күні)	11.20 – 17.00		
2-1.	"Аралас" сауда-саттық алаңының "KASE Global" секторының бағалы қағаздарын сатып алу-сату	11.20 – 22.00		
<i>(Осы жол Биржа Басқармасының 2021 жылдың 03 қарашасындағы шешімімен енгізілген)</i>				
3.	Сауда-саттықтың "Ұсақ лоттар" тәртіптемесіне жіберілген, бағалы қағаздарды сатып алу-сату	15.00 – 17.00	–	
4.	ОК-пен жасалатын репо операциялары	11.30 – 17.00	10.30 – 17.00	

Сауда-саттық және бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс регламенті

№ р/с	Операцияның атауы	Сауда-саттықты өткізу уақыты, (ALT)		Бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс уақыты, (ALT)
		Үздіксіз қарсы аукцион әдісі	Тікелей мәмілелер жасасу әдісі	
1	2	3		4
5.	ОК-сыз репо операциялары	11.30 – 18.00	10.30 – 18.00	11.30 – 18.00
<i>(Осы жол Биржа Басқармасының 2022 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)</i>				
6.	ҚРҰБ қоржыны бар қосымша сессиядағы репо операциялары	15.00 – 17.30 <i>(Осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2023 жылдың 05 желтоқсанындағы және 2024 жылдың 03 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)</i>	–	15.00 – 17.30 <i>(Осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2023 жылдың 05 желтоқсанындағы және 2024 жылдың 03 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)</i>